



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 33 Б А С П А С Ө Р Е Л И З І
2011 жылғы 12 қазан**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің еншілес компаниясы
Түрікменстанның Орталық Банкімен
Ұлттық төлем жүйесін жеткізуге және
ендіруге келісімшартқа қол қойды**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес компаниясы – «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» РМК 2011 жылғы 29 қыркүйекте Түрікменстанның Орталық Банкімен Ұлттық төлем жүйесін жеткізуге және ендіруге келісімшартқа қол қойды.

Қазақстандық компания келісімшартты Түрікменстанның Орталық Банкі ұйымдастырған ашық конкурс нәтижелері бойынша жеңіп алды. Бұл жоба Түрікменстан Орталық Банкінің ұлттық төлем жүйесін түрлендіру жөніндегі бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Конкурс нәтижелері бойынша «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» РМК нақты уақыт режимінде жалпы есептеу (RTGS) жүйесінен және клирингтік есеп айырысу жүйесінен тұратын бағдарламалық кешенді, сондай-ақ басқа да инфрақұрылымдық құрамдас бөліктерді жеткізуді және ендіруді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің компаниясы үшін бұл өзінің IT-өнімін (100 пайыздық Қазақстандық қамту) жеткізу жүзеге асырылатын, отандық нарықтан тыс алғашқы кең көлемдегі жоба болып табылады.

Жеткізілетін өнім заманауи технологиялар мен шешімдерді пайдалана отырып құрылған және халықаралық қаржы ұйымдарының (Дүниежүзілік Банк және Халықаралық есеп айырысу Банкі) қазіргі заманғы төлем жүйелеріне қоятын барлық талаптары мен ұсынымдарына сәйкес келеді.

Анықтама үшін:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (БСБ) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1995 жылғы 30 желтоқсандағы № 252 қаулысымен құрылған. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі БСБ-ның құрылтайшысы әрі уәкілетті органы болып табылады.

Ұлттық Банк жүйесінің, екінші деңгейдегі банктердің және басқа да ұйымдардың ақпаратын және бухгалтерлік есебін өңдеу үдерістерін алдыңғы қатарлы технологиялар негізінде автоматтандыру БСБ-ның негізгі міндеті болып табылады. БСБ Ұлттық Банк және басқа да ұйымдар үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлейді, автоматтандырылған ақпарат жүйелеріне қызмет көрсетеді, консультативтік қызмет көрсетеді, бағдарламалық өнімдерді жеткізу және оқыту жөнінде жұмыс жүргізеді. Қаржы ұйымдары, мемлекеттік органдар, мұрағат және медицина мекемелері БСБ-ның клиенттері болып табылады.